

Ғылыми-техникалық саладағы мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру бойынша ұйымдастыру шаралары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 23 шілде N 923. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1997.10.03. N 1410 қаулысымен. ~P971410

"1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл жоспары мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі шараларының кең ауқымды жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 қаңтардағы N 56 P960056_ қаулысын орындау үшін және ғылыми-техникалық саладағы мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдық қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы

етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанынан Ғылыми-техникалық сала объектілерін жекешелендіру жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрылсын.
2. Ғылыми-техникалық сала объектілерін жекешелендіру жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 23 шілдедегі
N 923 қаулысына
Қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы
Ғылыми-техникалық сала объектілерін жекешелендіру жөніндегі
ведомствоаралық комиссияның
ҚҰРАМЫ

Дүйсенов Д.Т. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
орынбасары, комиссия төрағасы

<*>

Школьник В.С. - Қазақстан Республикасының Ғылым министрі -
Ғылым академиясының президенті, комиссия
төрағасының орынбасары

Алшымбаева Р.Т. - Қазақстан Республикасының Ұлттық патенттік
ведомствосы төрағасының орынбасары

Грибановский А.П. - Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары
академиясының академигі

Дуберман Ю.Е. - Қазақстан Республикасының Жекешелендіру
жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының
орынбасары

Қиынов Л.Қ. - Мұнай және газ өнеркәсібі министрінің
орынбасары

Бахмутова Е.Л. - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
Әлеуметтік сала департаментінің бастығы

<*>

Коротовский В.Г. - Қазақстан Республикасы Геология және жер
қойнауын қорғау министрлігі
құқықтық-нормативтік секторының меңгерушісі

Құлжанов М.К. - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
министрінің орынбасары

Құсайынов А.Қ. - Қазақстан Республикасының Білім министрлігі
жоғары білім және ғылым бас басқармасы
бастығының орынбасары

<*>

Могильный В.В - Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі -
Ғылым академиясының Болжамдау және
ғылыми-техникалық бағдарламалар бас
басқармасының бастығы

Нұрғалиева Е.Н. - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің
орынбасары

Мұхаметжанов С.Н.- Қазақстан Республикасы Көлік және
коммуникациялар министрінің орынбасары

<*>

Тастанбеков А.Т. - Қазақстан Республикасы Құрылыс, тұрғын үй
және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің
Ғылым, сыртқы байланыстар, техникалық нормалау
және инвестиция бас басқармасының бастығы

Тиесов С.А. - Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір
өнеркәсібі министрінің бірінші орынбасары

Төлебаев А.Қ. - Қазақстан Республикасы Ғылым министрі -
Ғылым академиясы президентінің орынбасары

Шығабев М.Н. - Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің
технологиялық дамудың ақпарат жүйелері мен
экономикасын дамыту басқармасының бастығы

Шоқпытов А.М. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті
басқару жөніндегі Мемлекеттік комитеті
төрағасының бірінші орынбасары

ЕСКЕРТУ. Құрамға өзгерістер енгізілді - ҚРҰ-нің 1997.01.07.
N 12 қаулысымен.

P970012_

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

1996 жылғы 23 шілдедегі
N 923 қаулысына
Бекітілген

Ғылыми-техникалық сала объектілерін жекешелендіру
жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы
ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Ғылыми-техникалық сала объектілерін жекешелендіру жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан былай - Комиссия) өз жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Парламентінің қаулыларын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін және осы Ережені басшылыққа алады.

2. Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық әлеуетін қайта құрылымдау және жекешелендіру негізінде оны сақтау және нығайту Комиссияның негізгі міндеті болып табылады.

3. Комиссия мынадай міндеттерді атқарады:
жыл сайын жекешелендіруге жататын ғылыми-техникалық сала объектілерінің тізбесі бойынша ұсыныстар енгізеді;
объектілерді жекешелендіру жөніндегі мәселелерді қарайды.

4. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер және өзге де орталық атқарушы органдар жыл сайын 1 тамызға дейін ведомстволық бағыныстағы ғылыми ұйымдардың ұйымдық-құқықтық нысанын көрсете отырып жекешелендіруге жататын, оның ішінде:

тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін, ал жекешелендірілуі алдын ала акционерлендірілу арқылы жеке жобалар бойынша жүзеге асырылатын аса ірі және бірегей объектілердің;

жекешелендірілуі алдын ала шаруашылық серіктестіктер құру арқылы жүзеге асырылатын жай объектілердің;

мүлік кешендерін сату жолымен жекешелендіруге жататын олардың тізбесін Комиссияға ұсынады.

5. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер және өзге де орталық атқарушы органдар ұсынған материалдарды қарау қорытындылары бойынша Комиссия ғылыми-техникалық сала объектілерін жекешелендіру мерзімдері, шарттары мен құны жөнінде ұсыныстар енгізеді және оларды Қазақстан Республикасының

мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасының жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің бекітуіне береді.

6. Комиссия мәжілістері қажетіне қарай жылына кем дегенде екі рет өткізіледі. Егер оның мәжілістеріне Комиссия мүшелерінің жартысынан көбі қатысса, Комиссия шешімі күшінде болады. Комиссия шешімдері Комиссия мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

7. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының аппараты Комиссияның жұмыс аппаратының міндеттерін атқарады.